

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ**

**ЖАЛПЫ ДАМУДЫҢ ПӘНДІК МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МҰҒАЛІМДЕРІН  
ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ  
МӘЖІЛІСІНІҢ № 3 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

20. 11.2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – аға оқытушы М.Н.Шаханбаев Е.Ауелбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор Б.Қ.Мұхамеджанов, АК мүшесі, академиялық персонал – Бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі аға оқытушы Е.Б.Мамбетаев, АК мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасының меңгерушісі, ҚР Мәдениет қайраткері А.Т.Ботақараев, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының PhD, аға оқытушысы А.И.Алтынбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Бейнелеу өнері кафедрасының оқытушысы Г.Қасымбекова, АК мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасы, п.ғ.к., Ә.Б.Күздеубаева, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының оқытушысы Н.Б.Есенбаев, АК мүшесі, академиялық персонал – АК мүшесі, академиялық персонал – Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасының меңгерушісі, PhD, аға оқытушы А.О.Рахымжанов, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасының аға оқытушысы, подполковник С.Т.Мамбеталиев, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.Шоқай атындағы №24 мектеп-лицей директоры Е.К.Рысбеков, АК мүшесі, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Ж.Ташенов атындағы №23 ІТ – мектеп – лицейі КММ директоры Ж.Ж.Азретбергенова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Ататүрік атындағы №17 мектеп гимназиясы директоры Р.К.Урұмова.

**Күн тәртібінде**

1. Бірлескен ББ немесе қос диплом бағдарламасын жасауды ұйымдастыру.
2. Педагогикалық практика бойынша мониторинг жүргізу.
3. Педагогикалық практиканың тиімді технологияларын ұсыну.
4. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

**АК төрағасы М.Шаханбаев:** Құрметті АК мүшелері, бірінші мәселе бірлескен ББ немесе қос диплом бағдарламасын жасауды ұйымдастыру. Бірінші мәселе бойынша п.ғ.к. Ә.Б.Күздеубаеваға сөз беріледі.

**АК мүшесі, п.ғ.к. Ә.Б.Күздеубаева:** 2010 жылы Қазақстан ресми түрде Болон декларациясына қосылды және Орталық Азияда бірінші болып еуропалық білім беру процесінің мүшесіне айналды. Қазір Болон процесіне қатысушы елдердің білім беру жүйесі мен еліміздің ұлттық жоғарғы білім беру жүйесінде модернизациялау, интеграциялау және бірыңғайландыру жұмыстары жалғасуда. ҚР-ның 60-тан астам университеттері Университеттер Ұлы Хартиясына қол қойды. Осы орайда Болон процесінің негізгі мақсаттарының бірі «еркін қозғалысты тиімді жүзеге асырудағы кедергілерді еңсеру арқылы ұтқырлыққа жәрдемдесу» болып табылады.

Осы тұрғыда ҚР Білім және Ғылым Министрлігі қабылдаған «Қос дипломды білім беру» бағдарламасы қызығушылық туғызады. Студенттер кейбір курстарын өз университетінде аяқтайды, ал қалғандарын серіктес ЖОО-да екі жақты да кредиттік жүйесін мойындау арқылы аяқтайды. Бірлескен қос дипломды бағдарламасын жүзеге асыру үшін алдын-ала көптеген күрделі жұмыстар жүргізіледі: келіссөздер, бағдарлама мазмұны, оқыту мазмұнына қатысты ортақ келісімге келу және оларды бекіту, оқу жоспарындағы өзгерістерді көрсету, құжаттар жинағын дайындау.

2023-2024 оқу жылына «6В01406-Музыкалық білім» білім беру бағдарламасын Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, 6В01407– «Музыкалық білім» білім беру бағдарламасымен бірлескен ББ жасауды ұйымдастырамыз.

**АК мүшесі, п.ғ.д., профессор Б.Қ.Мұхамеджанов:** Бүгінгі күн тәртібіндегі екінші мәселе педагогикалық практика бойынша мониторинг жүргізу. ҚРҒЖЖБМ 2023 жылғы №125 бұйрығына қосымша «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекітілген. Осы ұсынымда практиканы өткізу туралы барлық нұсқау берілген және әр практиканың өзіндік ерекшеліктері көрсетіліп мәні мен мазмұны қамтылған.

**АК мүшесі, PhD, аға оқытушы А.О.Рахымжанов:** Практика бағдарламасына аудит ұйымдастыру, нұсқаулыққа сай мазмұнын жаңарту өте маңызды. Осы жұмыстар жүйелі түрде орындалса, білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге мүмкіндік беретін маңызды сала.

ББ-да 1 курста «Оқу тәжірибесі», 2 курста «Психологиялық-педагогикалық практика», 3 курста «Педагогикалық практика», 4 курста «Өндірістік-педагогикалық практика» және «Дипломалды практика» өтіледі.

**АК мүшесі, п.ғ.к., Ә.Б.Күздеубаева:** ҚРҒЖЖБМ 2023 жылғы №125 бұйрығына қосымша «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдармен практика жетекшілері таныстырылды. Әр практиканың мазмұны анықталды, практиканы ұйымдастыру мен өткізу тәртібі, практика мазмұнын анықтайтын жалпы принциптері, практиканттың өткізетін құжаттамасы талданып практика бағдарламасы қайта жаңартылды.

Келесі үшінші мәселе бойынша PhD, аға оқытушы А.И.Алтынбеков өз ойымен бөлісті.

**АК мүшесі, PhD, аға оқытушы А.И.Алтынбеков:** Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы, оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі.

Болашақ мұғалім мамандығының иесі – студент педагогикалық практика кезінде педагогтық қызметке қажет практикалық білім, білік, іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға және дамытуға көңіл аудару керек; сынып жетекшінің және жеке пәнді оқытатын мұғалімнің оқу-тәрбие (сыныпта, сыныптан тыс) жұмысын жоспарлай білу; сынып ұжымы оқушылары мен жеке оқушының жас және дербес ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттей білу; тәрбиенің өзегі, бесігі болып табылатын халықтық педагогиканың озық үлгілерін басшылыққа алу. Оқу үрдісінде педагогиканың ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, оқушы тұлғасын жан-жақты дамытып, дүниетанымын қалыптастыру. Оқыту оқушыларға тек ақыл-ой тәрбиесін қалыптастыруда білім беріп қана қоймай, олардың танымдық қабілеттерін (байқағыштық, зейінділік, зеректік, есте сақтау, шығармашылық, қиял, сөйлеу, ойлау) қалыптастыруға көмектеседі. Оқыту үрдісінде оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру, олардың рухани дамуын жетілдіру – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі деп ойлаймын.

**АК төрағасы, М.Шаханбаев:** Құрметті АК мүшелері ББ даярлау бағыты бойынша шешімін табатын көптеген мәселелер кездесуі мүмкін. АК мүшелері жұмыстарды бірігіп жасасак барлық жұмыстар шешімін табады деп ойлаймын.

**Шешім:**

2023-2024 оқу жылына «6В01406-Музыкалық білім» білім беру бағдарламасын Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, 6В01407– «Музыкалық білім» білім беру бағдарламасымен бірлескен ББ жасау жұмыстары жүргізілсін. ББ бойынша практика бағдарламаларының мазмұны жаңартылсын. 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша қараша айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі қабылданын.

Мәжіліс төрағасы:



М.Н.Шаханбаев

Хатшысы:



К.Касимбекова